

**Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар мен кәмелетке толмаған интернат ұйымдарының түлектері үшін жұмыс орындарын квоталау туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 23 маусымдағы N 153/4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 20 шілдеде N 12-9-133 тіркелді. Күші жойылды - қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімі аппарат басшысының 2014 жылғы 09 қазандағы N 31/1-36/399 хатымен)

**Ескерту. Күші жойылды - қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты ( Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімі аппарат басшысының 09.10.2014 N 31/1-36/399 хатымен).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабы 1 тармағы 13), 14) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы " Заңының 7 бабының 5–5) және 5–6) тармақшаларына сәйкес, жұмысқа орналастыруға мұқтаж бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларды және кәмелетке толмаған интернат ұйымдарының түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу және қабылдау мақсатында аудан әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар мен кәмелетке толмаған интернат ұйымдарының түлектері үшін жоспарланған жұмыс орындарынан 1 пайыз мөлшерінде аудан кәсіпорындары мен ұйымдарында жұмыс орындарын квоталау бекітілсін.

2. Осы қаулы 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін күшінде.

3. Аталған қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Ө. Сағандықовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А. Құрманова*